Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 179-180

«ДУДАРАЙ» АҢ ЖӘНЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ҰЙЫМЫНДАҒЫ СУ МЕКЕНДЕУШІЛЕРІНІҢ САНЫ МЕН ОЛАРДЫ КӨБЕЙТУ ЖОЛДАРЫ

Аюпов Н.А.

Қазақстан тәуелсіз ел болып қалыптасқаннан соң жер ресурстарын мықты да жылдам өндіруі ғылыми-техникалық прогрестің дамуы, ормандардың шабылуы, ауыл шаруашылық істің өркендеуі және де басқа факторлар дамуда, сол себепті дәл осы кезеңде басшылық тек қана адами факторлар мен қоса қоршаған ортаны сақтау керек.

Мықты мемлекетті дамыту барысында, өз кезегінде адам өміріне жанама және тура жер етіп, табиғатты жоюға болады. Адамға сана өзін өзі жою үшін берілмеген.

Қорғалжын ауданының аймағында көптеген аң шаруашылық ұйымдарының көбеюі алаңдаушылық факторларын туғызды, ал ол өз кезегінде жабайы аңдар мен құстардың санының өзгеруіне әкеліп соқты.

Соның барысында негізгі рөлді аңшылық шаруашылықтың спорттық бағдарда биотехникалық іс-шара қолданылады. Бұның мақсаты аңшылық жануарлардың санын көбейту және олардың өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасау нәтижесінде азықтық деңгейін көтеру.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Шарттардың анықталған бөліктеріне сүйене отырып, Қазақстанда мекендейтін суда жүзетін құстарды үлкен екі топқа бөліп қарастыруға болады - ұшып өтетін және ұя салатындар.

Бірінші топтағылар көктемгі және күзгі республика көлеміндегі орын ауыстыру кезінде біздің сулы аймақтарымызға демалу және қоректену үшін аялдаса, екінші топтағылар мұнда ұя салып санын көбейту үшін тұрақтайды.

Целиноград ауданында орналасқан «Аншы-М» аңшылық шаруашылығында суда жүзетін құстар спорттық әуесқой аңшылықта объект ретінде кең тараған. Соған байланысты аңшылықтанушылардың белгілі бір аңшылық шарушылықтағы атқаратын ісі суда жүзетін құстар санын іс шара жүргізу арқылы көбейтуге бағдарланған. Арнайы әдебиетте көрсетілген методикалық талаптарға сәйкес суда жүзетін құстардың саны анықталады. Құстардың ұялары «Аңшылық шаруашылықта биотехникалық іс-шаралар» және «Биотехния» кітаптардағы әдістемелік бойынша жарияланған.

Жеке зерттеулер: Көптеген аңшылық шаруашылықтың тәжірибесі бойынша, жасанды жолымен ұя салу арқылы жергілікті өзен көлдерде үйрек пен қаз саны көбейді. Осындай жағдайлар суда жүзетін құстарға колайлы жағдай құрайды, оларды жыртқыш аңдардан қорғайды, осы құстарға әбігерлік фактор әсерін төмендетеді, қолайсыз жағдай кезінде жұмыртқадағы ұрықтың дамуына әсер ететін процессті жеңілдетеді.

Аңшылықтағы «Дударай» балық шарушылығында шатырлы ұялар, жаппалар, ағаш үйшіктер құрастырылады.

Қамыстан жасалған шатырды бұтақ қамыстарымен бірге судың бетіне қалқымалы түрде қояды. Құрғақ шөппен төселген жерде және судағы қалқымалы ұялар тазартылып тұрады. Аумақтық судың үлкен көлемі 50 см, ал судың бет көлемі 10-15 см. Оның үстіне ұя камерасын салады. Сол жерде құрғақ шөппен төсейді.

Жоғарыда айтылғандар бойынша, аңшылық шаруашылықтағы суда жүзетін құстардың негізгі түрлері – сұр қаздар, сұр үйректер, барылдақтар, қасқалдақтар, және т.б. Бұл құс түрлері жерді таңдау ұрпақ әкелу үшін қажетшіл емес, бірақ қорғау жағдайларға қажетшіл болып келеді. Суда жүзетін құстарды аулауға ең негізгі объект болып қаралатын шаруашылықта ұялар және қорғаныс жағдай жасау жұмыстары үлкен рөл атқарады, осындай жұмыстар жергілікті қаз бен үйрек санын және құрамын анықтайды. Біздің су қоймасындағы азық қоры, бұл жердегі ұялайтын құстардың қажеттілік деңгейімен салыстырғанда аз болып келеді.

Сондай-ақ шаруашылық территориясындағы су қоймасын игеруге байланысты, су құстардың ұялау мүмкіншілігі күрт төмендеді. Ұялайтын су құстардың нұқсан және кауіп қатер ретінде ірі қараны жайлауға шығару; ерте шөп шабу; әуесқой балық аулаушылар санының көптілігі; броконерлер, аңшылар және су маңында демалатындар; үнемі жүзетін маторлы қайықтар болып саналады. Бұл ұялайтын жерінен үркітуіне немесе балапандарының қырылуына әкеліп соғады. Зиян факторлардың толық жойылуы мүмкін емес мәселе.

Жұмай көл аумағында шатыр ұялардың нәтижесі 100%-ы үйректермен қоныстандырылған. Шалаш ретінде қамыстан жасалған 65 ұялардың 55%-ы үйректер қоныстандырылды, ал 22% қаз ұялары.

Қалған 23% қоныстандырылмаған болып қалды. Соған сәйкес ағаш үңгіртауына 95,5%-ы үйректер қондырылды. Құмкөл аймағында үңгіртау қоныстандыруы жұмай мен салыстырғанда 95,5%-ы болып өзгермей қалды. Ал қамыста қоныстандыру 82%-ға көтерілді, сол кезде жұмайда – 77%. Шаруашылықтың екі аумағында ұялардың үлкен бөлігі үйректермен қоныстандырылды.

Барлық ақпараттарға сүйене отырып келесі қорытындыны шығаруға болады, ұялардың жасалуы нағыз ұяларға сәйкес келді көбі құстармен қоныстандырылды.

Қорытынды: «Дударай» аңшы-балық шаруашылығындағы құстардың санын арттыру және ұя жасап олардың кауіпсіздігін сақтап сандарын көбейту.